

Бекітілді
№10 «Құлыншак» бөбекжай- бақшасы
менгерушісі Р.Ұ.Бағытова
№1 педагогикалық кеңесте
08.09.2021 жыл



**2021-2022 оқу жылы мектепалды даярлық
«Өркен»тобына арналған
«Қызықты логика әлемінде»(интеллектуалды ойындар)вариативтік
компонентінің жылдық перспективалық жоспары**

Вариативтік компонент «Қызықты логика әлемінде»

Түсіндірме жазба

Интеллектуалдық дамыту ойындары мектепке дейінгі жастағы балалардың, психологиялық, физиологиялық және ақыл-ойының дауында маңызы зор қызмет атқарады.

Интеллектуалдық дамыту ойындары мақсаттарына қарай топтастырылып, топтық және жеке ойындар болып жіктеледі және баланың жасына, қабілетіне, қабылдауына қарай топтастырылып, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленеді.

Интеллектуалды дамыту ойынның ерекшелігі – оның әрекеттік сипатында. Мұнда балалар ойын құралымен түрлі заттың жобасын құрастырады, түсіне, көлеміне қарай сәйкестендіреді, жинақтайды, топтастырады. Заттардың өзара байланысын таба отырып, өзіндік көзқарасы қалыптасады. Ойын барысында балалар ұстап, көріп, сезу арқылы затты таниды, үлгі бойынша құрастырады. Сөйлесу арқылы өзара пікірлесіп, бір-бірімен тіл табысу мен достасуына мүмкіндік туады.

Әр ойын баланың жеке даму траекториясын көрсетеді. Стратегиялық бағыттағы топтық ойындар жоспар құруға, қарсыласының ойын табуға, өзіндік көзқарасын дамытуға, ұжымдық бірлестікке, әлеуметтік ортаға бейімделуге үйретеді.

Ойын барысында әр бала өзін басқа балалармен салыстыруға, бейімділіктерін байқауға және өзара бәсекелестікке үйренуге дағдыланады. Өз бетінше тың идеялар ұсынып, жаңа құрылымның жобасын жасауға қызығушылығы оянады.

Дидактикалық ұстанымдар негізінде құрылған интеллектуалдық ойындар баланың қоршаған ортасын танып, өмір сүру дағдыларын игеруіне ықпал етіп, нәтижесінде білім мен тәрбиенің ұштастығы ойын әрекетінде іске асырылады.

«Интеллектум-балабақша» интеллектуалдық дамыту ойындары кешені «Әлеумет», «Қатынас», «Денсаулық», «Таным», «Шығармашылық» білім беру салалары бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінде балалардың ойлау, қабылдау, есте сақтау, еліктеу, қабілеттерін дамытады және оларды заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуге үйретеді.

Интеллектуалдық даму ойындарында балалар талдау (тұтасты жеке бөліктерге ойша бөлу), жинақтау (бөліктерді тұтасқа ойша біріктіру), салыстыру (ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу), жүйелеу (заттарды, құбылыстарды топтарға бөлу) сияқты ойлау тәсілдерін меңгереді.

Интеллектуалдық дамыту ойындарынан күтілетін нәтижелер:

- баланың ақыл-ойы дамиды;
- сөздік қоры молаяды, ойын еркін жеткізуге талпынады;
- қоршаған ортаны танып білуге қызығушылығы артады;
- ұжымдық іс-әрекетке бейімделеді;
- еңбекке тәрбиеленеді;
- мақсатқа жетуге тырысады;
- бірлеске ұжымдық дағдылары қалыптасады;
- бәсекелестікке, тапқырлыққа, адамгершілікке, төзімділікке тәрбиелене

Ай ы	№	Тақырыптар	Мақсаты	Ойынның тәртібі	Күтілетін нәтижелер	Саға т сан ы	Көрнекіліктер
Қыркүйек	1.	«Түсіндірме жұмыстары»	Интеллектуалды дамыту ойындары балалардың психологиялық, физиологиялық және ақыл- ойының дамуында маңызы зор қызмет атқарады.	Оларды тәрбие мен оқытуда мақсатты қолданудың әдісте мелік жүйесін құру үшін ғылыми әдістемелік негіздері зерделеніп, әлемдік тәжірибие де қолданыстағы түрлеріне талдау жасалады.	Баланың жас және жеке ерекше лігіне қарай ақыл-ойының жеті луіне, танымның кеңеюіне игі ықпал етеді.	1	Тапқырыпқа сай көрнекіліктер
	2.	«Түсіндірме жұмыстар»	Мақсатына қарай топтастырылып, топтық және жеке ойындар болып жіктеледі және баланың жасына, қа білетіне қабылдануына қарай топтастырылып, қара пайымнан күрделігіне қарай жүйеленеді.	Баланың қоршаған ортасын танып, өмір сүру дағдыларын игеруіне ықпал етіп, нәтижесінде білім мен тәрбиенің ұштастығы ойын әрекетінде іске асырылады.	Заттың өзара байланысын таба отырып, өзіндік көзқарасы қа лыптасады. Ойын барысында ба лалар ұстап көріп, сезу арқылы затты таниды, үлгі бойынша құ растырады.	1	Тақырыпқа сай көрнекіліктер
	3.	«Түрлі-түсті бөлшектер» (Жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектермен таныстыру.	Әр бала ойынмен, өз қорабын дағы бөлшектермен таныса ды. Түрлі бөлшектерден үй құ растырады. Оны басқа бала лардың үйлерімен салыстыра ды. Дәптермен жұмыс. 44 бет.	-түстітерді ажырата біледі, -пішіндерді ажырата алады, Пішіндердің қорап ішіндегі орналасу ретін біледі.	1	Түрлі- түсті бөлшектер.
	4.	«Түрлі-түсті үшбұрыштар» (жеке жұмыс)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан түрлі пішіндер құрастыру.	Әр бала ойынмен таныса отырып, бөлшектерді санайды, бір түсті үшбұрыштардан үлгіде берілген пішіндерді құрастырады. Дәптермен жұмыс 44- бет.	-Бөлшектерден түрлі пішіндерді құрастыра алады, -қажетті бөлшектерді ажырата біледі, -түрлі пішіндер құрастыра алады.	1	Түрлі-түсті үшбұрыштар

Қазан	5.	«Жемістер» (топтық ойын)	Жасырын суреттердің арасынан жемістерді табу.	Балалар топқа бөлінеді. Карточкадан жасырынған жемісті анықтап, текшелер арасынан тауып көрсетеді. Тапқан жемісі жайлы әңгімелейді. Дәптермен жұмыс. 44-бет.	-карточкада жасырылған жемістерді анықтайды. -керекті текшені таба алады, -тапқан жемісі жайлы әңгімелейді.	1	Жемістер
	6.	«Көбелектерді жинау» (топтық жұмыс)	Түстерді сәйкес көбелектерді жинау.	Балалар топқа бөлінеді, әр топ өз қорабындағы көбелектермен танысады. Ондағы көбелектерді ойын алаңына орналастырады. Топтағы бір бала текшені ойын алаңына лақтырады. Текше бетіндегі түске сәйкес көбелекті тапқан бала өзіне алып, ұпай жинайды. Дәптермен жұмыс. 44-бет.	-түстерді ажырата біледі, -ұқсас түстерді сәйкестендіре алады, -жинаған ұпай санын анықтайды. -уақытты үнемі пайдалана алады.	1	Түрлі-түсті көбелектер
	7.	«Тақтайшалар» (жеке ойын)	Ағаш тақтайшалармен таныстыруды жалғастыру.	Әр бала қораптағы тақтайшалармен танысады. Өзіне керекті тақтайшаларды алып, үлгі бойынша, оларды тігінен, көлденеңінен және қырынан орналастырып, жаттығады.	-тақтайшаларды санай алады, -тақтайшаларды қырынан, көлденең араластырады түзету әдісін біледі.	1	Тақтайшалар
	8.	«Менің түрлі-түсті пішіндерім» (жеке ойын)	Түрлі-түсті бөлшектерден пішіндер құрастыру.	Әр бала өзінің қорабындағы бөлшектермен танысады. Өз ойларынан әр түрлі пішіндер құрастырады. Дәптермен жұмыс 45-бет.	-пішіндердің түстерін ажыратады, -қажетті пішіндерді сәйкестендіре алады, -әр түрлі пішінін құрастыра алады.	1	Түрлі-түсті бөлшектер.

Қараша	9.	«Түрлі-түсті үшбұрыш» (жеке ойын)	Түрлі-түсті үшбұрыштардан гүл құрастыру.	Балалар гүл және оның құрлысымен танысады. Түрлі-түсті үшбұрыштардан үлгі бойынша гүл құрастырады. Гүл жайлы әңгімелейді, гүл жасауға жұмсалған үшбұрыштар санын анықтайды. Дәптермен жұмыс. 45-бет.	-қажетті үшбұрыштарды түсіне қарай, үлгіге сәйкес таңдай алады, -түрлі-түсті бөлшектерді тиісті орнына орналастыра алады, -түрлі-түсті үшбұрыштардан гүл құрастырады.	1	Түрлі-түсті үшбұрыштар.
	10.	«Жануарлар» (топтық ойын)	Суреттердің арасынан жануарларды табу	Балалар топқа бөлінеді. Карточкада жасырынған жануарларды анықтап, текшелер арасынан тауып көрсетеді. Тапқан жануар жайлы әңгімелейді.	-Карточкада жасырылған жануарды анықтайды, -керекті текшені таба алады; -тапқан жануар туралы әңгімелейді.	1.	Жануарлар
	11	«Түрлі – түсті көбелектер» (топтық ойын)	Екі түсті көбелекті табу	Ойын екі текшемен басталады. Екі текше арқылы анықталған түстерге сәйкес көбелектерді тауып көрсетеді. Жинаған көбелектерді санайды. <u>Дәптермен жұмыс 45 бет.</u>	-Түстерді ажырата біледі; -Ұқсас түстерді сәйкестендіре алады; -Табылған көбелектердің санын анықтайды.	1.	Түрлі – түсті көбелектер
	12	«Гүл» (жеке ойын)	Тақтайшалардан гүл құрастыру	Ойынмен танысады, қораптағы тақтайшаларды құрастырады. Әр бала үлгі бойынша құрастырған гүлі бойынша әңгімелейді	Ойынмен танысады, қораптағы тақтайшаларды құрастырады. Әр бала үлгі бойынша құрастырған гүлі бойынша әңгімелейді	1.	Тақтайшалар

Желтоқсан	13.	«Көлік» (жеке ойын)	Түрлі – түсті бөлшектерден көлік құрастыру	Түрлі – түсті бөлшектерден көлік жасауға қажетті бөліктерін тандайды. Бөлшектерді үлгі бойынша орнына қояды. Үлгі бойынша көлік құрастырады. Көлік құрастырылып болған балаларға, өз ойларынан басқа көлік құрастыру ұсынылады. Дәптермен жұмыс 46 бет	-қажетті бөлшектерді тандай алады; -үлгі бойынша сәйкес түстерді ажырата алады; -өз ойынан көлік құрастыра алады	1.	Түрлі – түсті бөлшектер
	14.	«Мысық» (жеке ойын)	Түрлі – түсті үшбұрыштан мысық құрастыру	Әр бала жеке қорабын ашып, пішіннің бөлшектерін тандайды. Түрлі – түсті бөлшектерден мысық құрастырады. Құрастырған мысығын сипаттайды. Дәптермен жұмыс 46 бет	-қажетті үшбұрыштарды түсіне қарай, үлгіге сәйкес тандай алады; -түрлі – түсті бөлшектерді тиісті орнына орналастыра алады; -түрлі – түсті үшбұрыштардан мысықты құрастыра алады	1.	Түрлі – түсті үшбұрыштар
	15.	«Жануарлар мен көліктер» (топтық ойын)	Суреттердің арасынан жануарлар мен көліктерді табу	Балалар топқа бөлінеді, карточкадағы жануарлар мен көліктерді анықтап, текшелер арасынан тауып көрсетеді. Тапқан жануары мен көлігі туралы әңгімелейді	-карточкада жасырынған жануарлар мен көліктерді анықтайды; -керекті текшені таба алады; -тапқан жануары мен көлігі туралы әңгімелейді	1.	Жануарлар мен көліктер
	16.	«Үш түсті көбелектер» (топтық жұмыс)	Екі түсті көбелектерді табу	Ойын үш текшемен басталады. Үш текше арқылы анықталған түстерге сәйкес көбелектерді тауып алып, бала өзіне ұпай жинайды. Жинаған көбелектерін санап, салыстырады. Дәптермен жұмыс 46 бет	-түстерді ажырата біледі; -ұқсас түстерді сәйкестендіре алады; Уақытты үнемді пайдалана алады; -жиналған ұпай санын анықтайды	1.	Түрлі – түсті көбелектер

Қаңтар	17.	«Көбелек» (топтық ойын)	Тақтайшалардан көбелек құрастыру	Балалар ойын тәртібін еске түсіреді, үлгімен танысады. Тақтайшаларды қырынан қою арқылы көбелек құрастырады. Көбелектің құрылымын сипаттайды, өз ойынан басқа көбелек құрастырады. <u>Дәптермен жұмыс 46 бет</u>	-үлгі бойынша қажетті тақтайшаларды жинайды; -үлгі бойынша құрастыра алады; -бөліктерді тиісті бағытта орналастыра алады; -құрастырған бейнесі туралы әңгімелейді	1.	Түрлі – түсті көбелектер
	18.	«Спортшы» (жеке ойын)	Түрлі – түсті бөлшектерден спортшы құрастыру	Үлгіге қарап қажетті бөлшектерді тандайды, спортшыны құрастыруға қажетті бөліктерін үлгі бойынша орналастырады. Өз бетінше жана пішін құрастырады. <u>Дәптермен жұмыс 47 бет</u>	-бөлшектердің түсін ажырата біледі; -қажетті бөлшектерді сәйкестендіре алады; -бөлшектердің ұзын және қысқасын көрсете алады	1.	Түрлі – түсті бөлшектер
	19.	«Өрнек» (жеке ойын)	Түрлі – түсті үшбұрыштардан өрнек құрастыру	Әр бала жеке қорабын ашып, пішін бөлшектерін тандайды, санайды. Түрлі – түсті үшбұрыштардан өрнек құрастырады. Құрастырған өрнегіне ат қояды. <u>Дәптермен жұмыс 47 бет</u>	-қажетті үшбұрыштарды түсіне қарай үлгі бойынша сәйкестендіре алады; -түрлі – түсті бөлшектерді тиісті орнына орналастыра алады; -түрлі – түсті үшбұрыштардан өрнек құрастыра алады.	1.	Түрлі – түсті үшбұрыштар
	20.	«Құрал – саймандар мен музыкалық аспаптар» (топтық ойын)	Жасырын суреттердің арасынан құрал – саймандар мен музыкалық аспаптарды табу	Балалар топқа бөлінеді. Карточкада жасырынған суреттерді анықтап, текшелер арасынан тауып көрсетеді. Бірінші болып тапқан ойыншы текшені өзіне ұпай ретінде алады. Тапқан құрал – саймандар мен музыкалық аспаптар туралы әңгімелейді. <u>Дәптермен жұмыс 47 бет</u>	-карточкада жасырынған суреттерді анықтайды; -керекті текшені таба алады; -тапқан суреті бойынша әңгімелейді	1.	Құрал – саймандар мен музыкалық аспаптар

Ақпан	21.	Түрлі – түсті көбелектерді жинау» (топтық жұмыс)	Текше түстеріне сәйкес көбелекті тауып жинау	Жаңа топ құрылады. Үш текшені пайдаланып, ойынды бір ойыншы бастайды. Текшелерді көрсетіген түстерден тұратын көбелектерді тауып әр ойыншы өзіне жинап ұпай санын анықтайды. <u>Дәптермен жұмыс 47 бет</u>	-түстерді ажырата біледі; -ұқсас түстерді сәйкестендіре алады; -уақытты үнемді пайдалана алады; -жинаған ұпай санын анықтайды	1.	Түрлі – түсті көбелектер
	22.	«Кереге» (топтық жұмыс)	Тақтайшалардан кереге құрастыру	Балалар ойын тәртібін еске түсіреді. Тақтайшаларды қырынан қою арқылы кереге құрастырады. Ойын сипаттайды.	-үлгі бойынша тақтайшаларды жинақтайды; -үлгі бойынша құрастыра алады; -тақтайшаларды қырымен қояды анықтайды; -құрастырған керегісі туралы әңгімелейді	1.	Тақтайшалар
	23.	«Қоян» (жеке ойын)	Түрлі – түсті бөлшектерден қоян құрастыру	Әр бала үлгі бойынша қажетті бөлшектерді тандайды. Бөлшектерді түстеріне қрай топтап қоян құрастырады. Құрастырған қоян туралы әңгімелейді. <u>Дәптермен жұмыс 48 бет</u>	-үлгі бойынша қажетті бөлшектерді тандай алады; -бөлшектерді түстеріне қарай ажырата алады; -бөлшектерден қоян құрастырады	1.	Түрлі – түсті бөлшектер
	24.	«Алты бұрышты жұлдыз» (жеке ойын)	Түрлі – түсті үшбұрыштардан алты бұрышты жұлдыз құрастыру	Әр бала жеке қорабын ашып пішін бөлшектерін тандайды, бөлшектерді санайды. Түрлі – түсті үшбұрыштардан алты бұрышты жұлдыз құрастырады, бұрыштарын санайды. Дәптермен жұмыс 48 бет	-қажетті үшбұрыштарды түстеріне қарай үлгіге сәйкес тандай алады; -түрлі – түсті бөлшектерді тиісті орнына орналастыра алады; -түрлі – түсті үшбұрыштардан алты бұрышты жұлдыз құрастыра алады	1.	Түрлі – түсті үшбұрыштар

Наурыз	25.	«Балық» (топтық жұмыс)	Балықты құрайтын бөлшектерді анықтау	Негізгі текше ортаға қойылады. Негізгі текшеде бейнеленген балықтың қажетті бөлшектерін текшелердің арасынан тауып ортаға орналастырады. Балық туралы әңгімелейді	-балық құрайтын бөлшектерді текшелердің арасынан табады; -түстерің сәйкестендіре алады; -үлгіге қарап балықтың пішінің құрастыра алады	1.	Түрлі – түсті бөлшектер
	26.	«Түрлі – түсті көбелек» (топтық ойын)	Текше түстеріне сәйкес көбелектерді табу	Ойын тәртібін еске түсіреді. Екі текшеде қатар түскен түстерге сәйкес көбелекті тез арада тауып көрсетеді. Сәйкес болған көбелекті өзіне ұпай ретінде алады. Жинаған көбелектерді санайды, ұпай санына қарай жеңімпаз анықталады. <u>Дәптермен жұмыс 49 бет</u>	-ойын тәртібін біледі; -түстерді ажырата біледі; -ұқсас түстерді сәйкестендіре алады; -уақытты үнемді пайдаланады; -жинаған ұпайдың жалпы саның анықтайды	1.	Түрлі – түсті көбелектер
	27.	«Пирамида» (жеке ойын)	Тақтайшалардан жазықтық бетіндегі пирамида құрастыру	Балалар үгімен танысады. Пирамида туралы әңгімелесіп тақтайшаларды қырынан қою арқылы пирамида құрастырады. Тақтайшалар санын санайды. <u>Дәптермен жұмыс 49 бет</u>	-берілген үлгімен танысады; -үлгі юойынша тақтайшаларды жинайды; -үлгіге қарай құрастырады	1.	Тақтайшалар
	28.	«Су асты қайығы» (топтық жұмыс)	Текшелерден су асты қайығының бөлшектерін табу	Жаңа топ құрылады, балалар ойын ережесін еске түсіріп ортадағы текшедегі пішіннің бөліктерің анықтайды. Қажетті орындарына орналастырады. Құрастырған пішіндерді атайды. <u>Дәптермен жұмыс 50 бет</u>	-су асты қайығын құрайтын бөлшектерді текшелердің арасынан таба алады; -бөлшектердің орналасу ретін анықтап қоя алады; -су асты қайығы туралы әңгімелейді	1.	Түрлі – түсті текшелер

Сәуір	29.	«Біріккен төртбұрыштар» (топтық жұмыс)	Тақтайшалардан бір – біріне жалғасқан төртбұрыш құрастыру	Балалар топтасып ойынмен танысады. Тақтайшаларды қырынан қою арқылы үлгі бойынша құрастырады. Төртбұрыштардың көлемін салыстырады, санайды. <u>Дәптермен жұмыс 50 бет</u>	-үлгіге қарай құрастыра алады; -құрастырған төртбұрыштың санын айтады, салыстырады	1.	Тақтайшалар
	30.	«Биік мұнара» (жеке жұмыс)	Түрлі – түсті бөлшектерден мұнара құрастыру	Үлгіге қарап мұнара бөлшектерің жинақтайды және құрастырады. Мұнара құрастыруға қолданылған бөлшектер санын санайды, мұнара туралы әңгімелейді. <u>Дәптермен жұмыс 51 бет</u>	-түстерді ажырата біледі; -қажетті бөлшектерді үлгіге қарап тандай алады; -бөлшектердің тігінен орналастыра алады	1.	Түрлі – түсті бөлшектер
	31	«Керік» (топтық ойын)	Текшелерден керік құрастыру	Балалар қажетті бөлшектерді жинайды. Керіктің бөлшектерінің орналасқан жерін анықтап топтастырады. Текшедегі бөлшектер арқылы керіктің қанша бөлшектен құралғанын санайды. <u>Дәптермен жұмыс 51 бет</u>	-үлгідегі керіктің құрайтын бөлшектерді тандай алады; -бөлшектердің орналасу орнын анықтайды; -үсті, асты, ортасы деген ұғымдардың мағынасын біледі	1.	Әр түрлі бөлшектер
	32	«Түрлі – түсті таяқшалар» (жеке ойын)	Түрлі – түсті таяқшалардан үлгідегі пішінді құрастыру	Әр бала қажетті таяқшаны тандап алады, үлгідегідей орналастырады, өз ойымен жаңа пішін құрастырады. <u>Дәптермен жұмыс 52 бет</u>	-қажетті таяқшаларды үлгіге қарап тандай алады; -таяқшаларды ұзындығына қарай ретімен орналастырады; - таяқшаларды өзара салыстыра алады	1.	Түрлі – түсті таяқшалар

	33.	«Өрнек құрастыру» (жеке ойын)	Түрлі – түсті таяқшалардан өрнек құрастыру	Әр бала үлгімен танысады, түсіне, санына және ұзындығына қарай тақтайшаларды топтайды. Тақтайшалардан үлгі бойынша өрнек құрастырады. Құрастырған өрнегін сипаттайды. <u>Дәптермен жұмыс 53 бет</u>	-қажетті таяқшаларды үлгіге қарап тандай алады; -түстеріне қарай топтай алады; -таяқшаларды ұзындығына, түстеріне қарай сәйкестендіре алады	1.	Түрлі – түсті таяқшалар
мамыр	34.	«Түймелер» (топтық ойын)	Текшелер тізбегін жалғастыру	Ойынның негізгі мақсаты белгілі бір заңдылықты сақтай отырып тізбек құру. Ортаға қойылған текшенің көк белігіндегі түймелер саны келесі қойылған текшедегі қызғылт бөліктегі түймелер санына тең болуы керек. <u>Дәптермен жұмыс 54 бет</u>	-ойын тәртібінің ерекшелігін түсінеді; -тізбек жалғастыруға қажетті текшені тандап алады; -текшелердегі түймелер санын сәйкестендіре алады.	1.	Түрлі – түсті текшелер
	35.	«Көбелектер көлеңкесі» (топтық ойын)	Көбелектерді көлеңкесіне және қанаттарындағы пішіндеріне қарай табу	4-5 баладан тұратын жаңа топ құрылады. Әр топ өз қорабын ашып ойын алаңын құрайды. Жабық тұрған үлгі қорабын ашып, суретті ортаға қояды. Үлгідегі суретке сәйкес көбелекті тапқан бала өзіне алып ұпай жинайды. <u>Дәптермен жұмыс 55 бет</u>	-көбелектің суретін көлеңкесімен салыстыра алады; -пішіндерді ажырата алады; -ұпай санын анықтайды	1.	Түрлі – түсті көбелектер
	36.	«Кәмпит пен саусақтарды санау» (топтық жұмыс)	«Домино» ойынның тәртібі бойынша текшелер тізбегін жалғастыру	Ойын «Домино» тәртібімен ойналады. 2-4 баладан жаңа топ құралады, текшелерде саусақ пен кәмпиттер белгіленген, беттермен әр топ өз ойын алаңына орналастырады.	-тізбекті жалғастыруға кезекті текшені тандап алады; -текшелер бетіндегі кәмпиттер түстерін ажырата алады; -текше бетіндегі кәмпиттер мен саусақтар санын сәйкестендіре алады	1.	Текшелер